



АСТАНА

АҚШАМЫ

Болат ҰЗАҚОВ, ҚР еңбек сіңірген қайраткері: ҚАЗАҚТЫҢ РУХЫ КЕЛГЕН КҮН

– 10 желтоқсан – еліміз үшін маңызы ерекше тарихи күн. Бір қаладан екінші қалаға, қыстың көзі қырауда астананы көшіру оңай емес. Оның үстіне ол уақытта заманның өте тар кезеңіне тап келдік. Астана түгіл, адамның қоныс аударуы мұн болатын. Мысалы, өзім Талдықорғаннан сол кездегі Ақмолаға он ойлана, жүз толғана әрең көштім. Осында Қазақстанның халық әртісі, Қ.Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық Қазақ музыкалық драма театрының сол уақыттағы көркемдік жетекшісі Қадыр Жетпісбаевтың шақыруымен келген едім.



1997 жылдың 1 тамызында Қаллеки театрындағы жұмысыма кірістім. Қыркүйек айынан бастап астана көшіне дайындықты бастадық. Алғашқы сценарийлері жазылып, қалалық әкімдікте түрлі талқылаулар өтті. Көштің бас режиссері – Қадыр аға, екінші режиссер болып мен бекітілдім. Астананың өзінде сол кезде әртістер шамалы болатын. Содан қалаға жақын деген Қарағанды, Павлодар, Көкшетау шаһарларынан шығармашылық ұжымдарды алдырттық. Бәрін вокзалдан күтіп алып, арнау айтатындарды, шашу шашатындарды анықтадық. Көштің тақырыбы «Ғасырлар үні» болып аталды. Сценарий желісінде түркі дәуірінен бастап тәуелсіз Қазақстан кезеңін қамтыдық. Сонда әр заманда қазақтың астанасы болған қалаларға тоқталдық.

Сол замандарда ел билеген Күлтегін, Тоныкөк, Білге қаған секілді хандар, батырлар, билердің портреттерін сомдап отырдық. Сахналық көрініс түрлі кезеңдерді көрсетті. Көріністі астананың Қызылордадан Алматыға,

Алматыдан Ақмолаға көшкенімен аяқтадық. Арнайы алтын түстес кілт жасалды. Сол кілтті Елбасыға ақсақалдар тапсырды. Бата берілді. Бұл көрініске 2 мыңнан аса адам, 100-ге тарта жылқы қатысты. Жалпы, қазақтың өткен тарихын көрсете алдық деп ойлаймын. Сол жылы қыс ерте түсті. Бірақ тоңғанымызға қарамастан, бәріміздің көзімізде от, қимыл-әрекеттерімізде, сөздерімізде рух пайда болды. Ақмолаға қазақтың рухы кеп жатқанына кеудемізді қуаныш кернеді.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ